



23 мамыр, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ӨЗАРА СЕНІМДІ САЯСИ ДИАЛОГ ҚАЛЫПТАСҚАН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Сингапур Президенті Халима Якобпен келіссөздер жүргізді.

Келіссөздер алдында «Акорда» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалып, бірге суретке түскеннен кейін президенттер кеңейтілген форматта кездесу өткізу үшін залға қарай өтті.

Тараптар Қазақстан мен Сингапур арасындағы саяси диалогты нығайту, сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту мәселелеріне баса мән бере отырып, екі ел қатынастарының қазіргі жай-күйі мен перспективасын жан-жақты талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Халима Якобқа ілтипат білдіре отырып, осындай күрделі кезеңде оның Сингапурды басқару ісіндегі көшбасшылық қызметіне жоғары баға берді.

— Сингапур Президентінің Орталық Азия елдерінің арасында ең әуелі Қазақстанға келуі — біз үшін зор мәртебе. Сіздің Қазақстанға сапарыңыз — тарихи оқиға. Бұл сапар біздің өзара тиімді ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенімдімін. Қазақстан Сингапурмен арадағы қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсуге ниетті, — деді Мемлекет басшысы.

2-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ТЕМІРЖОЛҒА ТАҒЫ БІР КӨПІР

Көпір — көптің игілігі. Бұл тұрғыда облыста маңызды деген нысандарда қызу жұмыс басталып кетті. Әсіресе, теміржолға көпір салуда талай жылғы түйінді мәселенің күрмеуі шешілді. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың аудандарға сапарында Арал мен Жалағашта жаңа көпірдің іргетасы қаланды.

Міне, осындай ел ішінде көп жылдан өткір мәселе болып келген Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер үшін жаңа құрылыс бастау алды. Жалпы ұзындығы 55 метрді құрайтын көпір құрылысына 320,6 млн теңге қаражат бөлінген. Құрылысты «Гүлнұр МК» ЖШС мекемесі жүргізеді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»



Суреттерді түсірген Н.Нұржаубай



Серіктестік директоры Қуандық Миралиевтың айтуынша, қазіргі уақытта алғашқы тіреу қазықтарын қағу жұмыстары жүріп жатыр. Әзірше, алғашқы жұмыстарға 5 жүк көлігі, 30 жұмысшы жұмылдырылған. Құрылыс жұмыстарын 5 ай ішінде аяқтауды жоспарлап отыр.

— Көпір құрылысына қажетті құрал-жабдықтардың барлығы жергілікті өнімдер. Қазір Жалағаш ауданында да көпір салып жатырмыз. Көпірдің жергілікті тұрғындар үшін маңызы өте зор. Басты талап — сапа. Егер белгілі уақыт

аралығында көпірден ақау табылып жатса, істі өз қаражатымызбен қайта қалпына келтіріп беруіміз қажет. Өзірге серіктестік тұрғызып құрылыстардың ешбірі апатты жағдайға ұшыраған жоқ. Әрине, мұны мекемедегі мамандардың жоғары біліктілігінің арқасы деп білемін, — дейді Қ.Миралиев.

Жалағашқа сапар сәтінде облыс әкімі тұрғындарды көптен бері толғандырып мәселенің шешімі табылғанын айтқан еді.

2-бет

ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» — «ҚАЙРАТ»: 3:0 үздіктер сапына үміт бар



Қызылордалық «Қайсар» оныншы турда Алматыда «Қайратты» 3:0 есебімен ұтты. Жанкүйерлерін ерекше қуантты. Нәтижесінде біріншіліктегі азулы команданың бірінен жеңісті жұлпып алып, турнир кестесіндегі жағдайын жақсартты. Осылайша көш басында келе жатқан үздіктерді өкшелей түсті. Демек, «Қайсардың» осы қарқыны сақталса, жүлделі орындарға таласуға әбден болады.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

4-бет



МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

АВТОНАРЫҚ: «ЖАРАУ АТҚА» ҚАШАН ЖАРИМЫЗ?

Қазақстанда автомобиль-конструкторларды заңдастыруға рұқсат етілді. Заңдастыру бүгін басталып, 1 шілдеге дейін жалғасады. Жыл басында бұрынғы тіркеуден шығарылған және кедендік тазартудан өткен көліктерді тіркеуге рұқсат берілген еді. Содан бері 107 мың көлік заңдастырылған.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»



Сурет ашық дереккөзден алынды

ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің мәліметінше, ел аумағына кедендік бақылаудан өтетін кезде ондай көліктер сайман, қосалқы бөлшек ретінде рәсімделген. Негізінен бұлар толыққанды көлік құралы болып саналады. Мұндай көліктерді тіркеу құны 200 мың теңге. Заңдастыру үшін көлік иелері ішкі істер органдарынан көлікті тексеру

серу актісін алып, техникалық қараудың диагностикалық картасын жасауы қажет.

Ішкі істер министрлігі қазір осындай 14 мың көлік бар екенін анықтаған. Бірақ, шынында одан көп болуы мүмкін. Автосарапшылар ондай көліктерді анықтау өте қиын екенін айтады. Себебі, өзге елде құрастырылмаған.

2-бет

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

«БАНКРОТ БОЛДЫМ, МІНЕКЕЙ!»

Бұрын «Банкрот болыпты» дегенді үлкен компаниялар мен зауыт-фабрикаларға қатысты еститін едік. Енді жеке адамдар да өзін-өзі банкрот деп жариялай алады. Былтыр жылдың соңында Мемлекет басшысы «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңға қол қойып, ол биыл наурыздың 3-нен бастап күшіне енді. «Банкрот болдым, мінекей!» деп, елімізде 49 мыңнан астам өтініш берілсе, оның 70 пайызы қанағаттандырылмаған. Демек, 36 мың өтініш қабылданып, 6 мың адамға қарызынан құтылуға мүмкіндік берілуде. Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың айтуынша, өтініштерді кері қайтару себептерінің бірі — басым бөлігінің қарызы шекті сома 1600 АЕК-тен асып кеткен. Бұл — 5 миллион теңгеден астам қаржы. Кейбір өтініш білдіргендер жартылай банкротқа өткісі келеді, яғни олардың ипотека бойынша кредитін төлеп жатқаны анықталған. Тіпті кейбір өтініш берушілердің меншігінде мүлік, автокөлік, жер учаскелері бар болып шыққан. Мұндай критерийлер талапқа сай емес көрінеді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Иә, қашаннан «қарыз күліп келіп, жылап қайтады». Қазіргі кезде қарызыз өмір сүретіндер немесе несиесі жоқтар некен-саяқ. Себебі ондай «бақытты жандар» санаулы. Бір ғана бүкіләлемдік пандемияның салдары әр адамның, әр отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына кері әсер еткенірас. Бірнеше өндіріс орындары жабылып, кәсіпорындар өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Ал кейбіреулер тіршілігін өзге салаға бұрып, тығырықтан шығудың амалын қарастырды. Енді бірі, әсіресе әйелдер декреттік демалыстан жұмысына қайта қосыла алмай, үйде отыруға тура келді. Пандемия басталғанға дейін алған несиедерін өтей алмаған жұртшылық психологиялық күйзеліске түсті. Оның бірнеше мысалын күнделікті ақпарат көздерінен естіген боларсыздар. Сынаққа сынып кеткендердің арасында өмірін қиып, жүрекке ауыр салмақ салғаны да есімізде.

2-бет

ӨЗАРА СЕНІМДІ САЯСИ ДИАЛОГ ҚАЛЫПТАСҚАН

Биыл наурыз айында екі мемлекеттің бір-бірімен дипломатиялық қатынас орнатқанына 30 жыл толды. Президент осы кезеңде елдеріміз арасында өзара сенімді саяси диалог пен белсенді парламентаралық байланыстар қалыптасқанын атап өтті.

Қазақстан мен Сингапур қатынастарында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық ерекше орын алады. Мемлекет басшысы бүгінде елімізде 140-тан астам сингапурлық компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатқанына назар аударды.

— Сингапурдың Қазақстан экономикасына құйған инвестициясының жалпы көлемі 1,4 миллиард доллардан асты. Экономикалық қиындықтар мен пандемияға қарамастан, былтыр өзара сауда-саттық көлемі 2 миллиард долларға жуықтады. Бұл өте жақсы нәтиже деп санаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екіжақты ынтымақтастықтың берік негізі қаланғанына тоқталды. Бұл орайда жақында құрылған Қазақстан-Сингапур іскерлік кеңесі маңызды рөл атқарады.

— Сингапурға турист ре-



тіңде баратын азаматтарымызға қолдау көрсетеміз. Әрине, Сіздің елден келетін туристер мен бизнесмендерге біздің есігіміз әрдайым ашық. Сондықтан Қазақстан Сіздің елмен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын екенін тағы да айтқым келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Халима Якоб мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны, сондай-ақ өзіне және сингапурлық делегацияға қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сингапур Президенті екі ел арасындағы саяси диалог пен өзара тиімді серіктестіктің деңгейін жоғары бағалады.

— Өте дұрыс айтасыз. Бұл — Сингапур Президентінің Қазақстанға, жалпы Орталық Азияға алғашқы сапары. Сондықтан бұл — өте маңызды сапар. Қазақстан — біз үшін Орталық Азия аймағындағы аса маңызды серіктес. Өйткені елінізді, шын мәнінде, аймақтағы көшбасшы ретінде танымыз. Бұл біз үшін өте маңызды әрі көп жылдан бері жақсы қарым-қатынас жасап келеміз. Бізді тығыз қарым-қатынасымыз ғана емес, ашықтық және тәртіп секілді қағидаларға беріктігіміз де байланыстырады. Бұл — Қазақстан үшін де, біз үшін де маңызды, — деді Сингапур Президенті.

Сонымен қатар Назарбаев Университетінің Жоғары мемлекеттік саясат мектебі мен Ли Куан Ю атындағы мемлекеттік саясат мектебі арасында стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту маңызды екені айтылды.

Мемлекеттер басшылары экспорт мүмкіндіктерін кеңейту, еліміздің аумағында бірлескен кәсіпорындар ашу мәселелері туралы пікір алмасты. Атап айтқанда, Алматы маңындағы «G4City» агломерациясының құрылысына қатысты бірлескен инвестициялық жобаның жүзеге асырылу барысы, қаржы институттары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту

мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар президенттер Транскаспий халықаралық көлік дәлізі мен «Бір жол — бір белдеу» бастамасын бір-бірімен сабақтастыру, сондай-ақ елдеріміз арасында тікелей әуе қатынасын ашу жөнінде өзара тиімді ынтымақтастық перспективаларын қарастырды.

Бұдан бөлек, әңгімелесу барысында халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе, соның ішінде Қазақстан мен Сингапурдың көпжақты құрылымдар аясындағы қатынастары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапур Президенті Халима Якобқа I дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.

Марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы Сингапур Президентінің екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтті.

Өз кезегінде Сингапур Президенті Халима Якоб көрсеткен сый-құрметі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі ел арасындағы көпжақты ынтымақтастықты дамытуға бар күш-жігерін жұмсайтынына сенім білдірді.

«БАНКРОТ БОЛДЫМ, МІНЕКЕЙ!»

«Банкроттық туралы заңды бұдан бұрынрақ шығарғанда немесе банкротке жұртшылықтың несиеcін өтеуге мүмкіндік берілгенде бөлкім мұндай жағдайға жетпеген болар еді, — дейді біздің кейіпкеріміз. Аты-жөнін көрсетпеуді сұраған төрт балалы келіншек қазіргі кезде тек балаларының жәрдемақысымен күн көріп отырғанын айтады. Жолдасы да, өзі де жұмыстан пандемия кезінде қысқарып, банктен алған несиеcін төлеуге мүмкіндік болмаған.

— Мен пандемия кезінде кішкентайымды дүниеге әкелдім. Алайда бір жасқа толған соң жұмысқа қайта қосылайын дегенімде, маған орын жоқ екенін айтты. Содан бері үйдемін. Оның үстіне, ата-енем ковидпен ауырып, оларға қарайтын адам керек болды. Үлкен кісілер болған соң, денсаулықтарын қалпына келтіруге біршама уақыт пен қаражатты талап етті. Ал бізде кіріс көзі жоқ. Сол кісілер зейнетақысымен көмектесуде. Бірақ ол үлкен отбасының қажеттіліктеріне жетпей қатады. Жолдасым құрылыста жұмыс істейтін. Жеке мекемелер ақшасын кейде уақыттылы, кейде кешіктіріп береді. Өзім үйде төттілер пісіріп өткіземін. Бірақ ол да тұрақты табыс көзі емес. Солай тапқанымыз тек азық-түлікке кетіп, банктен алған несиемді бір жылдан астам төлеп алмай келеміз. «Деснабанктен» алған несиеме үйіме жөндеу жұмыстарын жүргіздім. «Хоумбанктен» алғанды баламның оқуына төледім. Жұмыс істеп тұрғанымда бұл екі несиеге айына 80 мың төлеп отырдым. Алайда елдегі

ахуал біздің отбасымызды да айналып өтпеді. Мен осы екі банктің облыстағы филиалдарына барып, жағдайымды айтып түсіндіріп, өтініш қалдырдым. Кері қайтарды. Ал сол кезде «Каспий банк» өзінің тұтынушыларына жағдай жасап, айына 5 мыңнан болса да қарызын өтеуге мүмкіндік берді. Енді қазір жеке кәсіппен айналысу үшін грант алуға конкурсқа қатысайын десем, оған қарызымыз көлденең тұрады. Қайда барсақ та алдымыздан несиенің өтелмегені шығып, тірлік жасауға кедергі болып тұр. Лажы болса, несие алмаған жөн екен, — дейді ол.

Рас, «алмақтың да салмағы бар». Есепсіз алған қаражатты бәрібір қайтаруға тура келеді. Кейіпкеріміздің басындағы бір ғана мысалдан бүгінгі күннің боямасыз көрінісін көруге болады. Осындай жағдайға жеткізген біздегі банкроткегі несие үстіне қойылатын пайыз мөлшерінің тым көп екені, қарызын өтеу үшін бөліп төлеуге мүмкіндіктің берілмеуі себеп. Күн сайын бағасы қымбаттап баратын азық-түлік, коммуналдық қызметтердің өсуі де жығылғанға жұдырық болып тұр. //

Облыс бойынша өзін-өзі банкрот деп жариялаған қанша адам бар? Бұл жайлы кірістер департаментінің бөлім басшысы Гүлмира Ертановадан білген едік.

— Қызылорда облысында барлығы 4122 жеке тұлғалардың соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану жөнінде арызы қабылданып, оның ішінде

3276 (79,5%) арыз қанағаттандырусыз қалдырылса, 553 (13,5%) арыз қанағаттандырылды. Ал 293 (7%) арыз қазіргі таңда қаралуда. Аудандар бойынша қарастыратын болсақ, Қызылорда — 2270 (283), Арал — 265 (17), Қазалы — 118 (15), Кармакшы — 420 (69), Жалағаш — 190 (18), Сырдария — 161 (22), Шиелі — 267 (43), Жаңақорған — 431 (86).

Талдау нәтижесінде қанағаттандырусыз қалдырылған арыздардың басым бөлігі «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және банкроттығы туралы» ҚР Заңының 5-бабы талаптарына сәйкес келмейді, яғни, банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу жөніндегі дәлелдемесіз құжаттардың ұсынылмауы, арыз-да көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелердің 12 ай бойы өтелмеуі, жұбайының келісім бермеуі және тағы да басқа талаптардың орындалмауы салдарынан арыздар қанағаттандырылмады. Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес, жеке тұлға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызы қанағаттандырусыз қалдырылған күннен бастап, үш ай өткен соң арызды қайтадан беруге құқылы, — дейді бөлім басшысы.

Жалпы, жеке тұлғалардың өзін-өзі банкрот деп жариялауы дамыған елдерде әлдеқашан бар және ол тиімділігін көрсеткен. Айталық, АҚШ-та қарыз алушыны банкрот деп тану 3-4 ай ғана уақыт алады. Оның өзінде барлық қарызы кешірілмейді. Азаматтардың 8 жылда бір рет қана өзін банкрот деп жариялауға құқы бар.

Ал Ұлыбританияда банкрот болған азамат заңгерлік қауымдастық, жылжымайтын мүлік агенттігі, биржа мен коммерциялық құрылымдарда жұмыс істей алмайды. Мемлекеттік қызметке де шектеу қойылған. Жапонияда да солай. Банкрот болған борышкер адвокат, нотариус, бухгалтер болу құқығынан өмір бойына айырылады. Аустралияда 3,5 мың доллардан артық қарызы бар кез келген жеке тұлға банкрот атана алады. Бірақ бүкіл мүлкі кредиторларға өтеді.

Елімізде осы заңды қабылдау үшін бірқатар қадам жасалды. Айталық, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2019 жылы жалпы қарызы 3 млн теңгеден аспайтын әлеуметтік аз қамтылған топ өкілдерінің 300 мың теңгеге дейінгі несиеcі кешірілді. Бұл — бір реттік шара еді. Ал 2020 жылдың 1 қантарынан бастап табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға қарыз беруге шектеу қойылды. Бірақ бұл қадам да елдің енесін басқан кредиттен құтқаруға қауқарсыз болды.

Қандай қадамдар жасалса да, мектеп қабырғасынан бастап балаға қаржылық сауаттылық туралы арнайы пән немесе қосымша сабақтар жүргізіп, кішкентай кезінен есеп-қисап және тапқан қаржыны қалай тиімді жұмсауға болатыны туралы санасына сіңіре беру керек секілді. Әйтпесе, жоғары жақтан қанша жерден тиімді жобалар жасалғанымен, ішкі отбасылық кіріс-шығысты тиімді жоспарламай оң нәтиже бермейтіні анық. Бұл жерде тағы да ата-баамыздың «Көрпене қарай көсіп» дегенінен асып ештеңе айта алмаймыз.

АВТОНАРЫҚ: «ЖАРАУ АТҚА» ҚАШАН ЖАРИМЫЗ?

Қазақстанға бөлшектеп кіргізілгеннің өзінде, осында қай жерде құрастырылғаны белгісіз. Мысалы, зауыттар бөлшектерді сырттан әкеліп, осында құрастырып, оның қауіпсіздігіне кепілдік бере алады. Ал мұндай көліктердің қауіпсіздігіне жауапкершілік алатын ешкім жоқ.

Оған қоса, бұл жеңілдік сырттан көлік әкелушілерді одан сайын көбейтуі мүмкін. Әрі елге келіп жатқан ескі көліктер санын азайтуға ықпал етіуі тиіс болған жеңілдетілген автоне-сие бағдарламасына қатысты да мәселе көп.

Биыл ақпаннан бастап жылдық өсімі 4 пайыз болатын жеңілдетілген автоне-сие бағдарламасы жалғасын тауып, өтінімдерді қабылдайтын сайт іске қосылған. Алайда сайтқа алғашқы минутта-ақ 125 000 адам өтініш тастаған. Бас-аяғы 18 секундта белгіленген 761 лимит толып кеткендіктен, ашылғанынан жабылғаны тез болған сайттың жұмысына көңілі толмағандар қатары да аз болған жоқ.

Жеңілдетілген автоне-сие-леу бағдарламасы былтыр мамырда басталып, екінші деңгейдегі банктерге 100 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді. Бұл сомаға 12,6 мыңнан астам автомобиль сатып алынып, автокредиттің орташа мөлшері 7,8 млн теңгені құраған.

Ашық ақпарат көздерінде автоне-сиеге жауапты «Қазақстанның даму банкі» мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» қолданыстағы бағдарламалар шарттарын өзара біріздендіріп жатқаны айтылды. Алдын ала анықталған мәліметтер бойынша бағдарлама аясында жинақталған қаражат көлемі шамамен 13 млрд теңге болса, бұл 1 300 автоне-сие беруге жол ашады деген ақпар тараған.

Айта кетсек, 2027 жылға қарай Қазақстан жылына жарты миллион машина шығаруды жоспарлап отыр. Бұл туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев мәлімдеген. Айтуынша, былтыр елімізде 100 мың автокөлік жиналған. Сондай-ақ министр: «Егер Қазақстан нарығының сұранысы 150 мың машина болса, келесі жылы қазақстандық автоөндіріс 150 мың машина шығарады» деді.

Бір қарағанда, отандық автомобиль өндірісі сұранысты қамтуға қауқарлы сияқты. Бірақ, халық күтіп отырған 4 пайыздық несие-нің шарттары тағы өзгеріп, қиындай түсті. Мысалы, несие енді жалақысы аз тұрғындарға ғана берілуі мүмкін. Оған қоса, бағдарлама енді қорға жиналған ақша 500 көлік алуға, яғни 5 млрд теңгеге жеткенде ғана іске қосылады. Сондықтан төмен пайызды автоне-сие халықты көлікпен қамту мәселесін шешпейтіндей.

Оған қоса, бірқатар автосарапшылар елімізде құрастырылатын көліктер бағасы қымбат екенін айтады. Мысалы, Naval жеңіл автокөліктері Қытайдағы аналогынан екі еске қымбат. Бұл өз кезегінде көлікті қымбатсыңған азаматтарды көрші елдерден тасуға итермелеп отыр. Себебі, мемлекет сырттан келген көліктерді заңдастыруға рұқсат береді.

Ресей, Қырғызстан, Армения және Грузиядан түрлі жолдармен әкелінген көліктерді заңдастыру көптен талқыланып жүр. Айта кетсек, заң бойынша жеңілдікке өткен жылдың қыркүйегіне дейін кіргізілген көліктер ғана ілігеді. Бірақ, содан бері тағы 80 мың көлік әкелініпті. Сондықтан оларды да заңдастыруға рұқсат беру керек. Бір сөзбен, нарықтағы сұранысты қанағаттандыруға жеңілдетілген автоне-сие бағдарламасының, елімізге сырттан келіп жатқан ескі көліктер санын азайтуға жеңілдікпен заңдастырудың оң ықпал ете алмай отырғаны байқалады.

Бір қызығы, ТМД автокөлік нарығында ескі көліктердің саны өте көп мемлекет Қазақстан екен. 2022 жылғы статистикаға сүйенсек, елімізде бір миллионға жуық көлік сатылыпты. Оның 90 пайызға жуығы ескі, яғни, сатылып жатқан көліктердің дені 2005 жылдан әрі қарай шыққан. Соның 6 пайызының бағасы 1 миллионнан бастап 2 миллионға дейінгі аралықта. Бұл елімізде ескі көліктердің сұранысқа ие екенін көрсетіп отыр.

Сондықтан Ішкі істер министрлігі пайдаланылған көлікті сатып алмас бұрын оны тексеру керектігін ескертеді. Автокөлік тарихын министрлік іске қосқан «Автокөлік тарихы» сервисі арқылы онлайн-режимде көруге болады. Кеше министрлік сервисі іске қосылған сәттен бастап қазақстандықтар екі миллионнан астам көлік құралын тексергенін хабарлады.

Сервисте автокөліктің Қазақстанда алғаш тіркелген күнін, бұрынғы иелерінің санын, кепілдіктер мен ауыртыпалықтардың бар-жоғын, басқа да мәліметтерді көруге болады. Қазіргі уақытта қызмет Smart Bridge-де орналасқан. ІІМ сервисіе бірыңғай сақтандыру деректер базасын қосуды жоспарлап отыр. Бұл көліктің жол апатына ұшыраған-ұшырамағанын қосымша тексеруге мүмкіндік береді.

Бір сөзбен, түрлі жолмен сырттан әкелінген, ескі-құсқы көліктерге қатысты көптеген мәселе туындап отыр. Сондықтан басты міндет — ішкі нарықтағы көліктерді жаңа көліктерге алмастыру. Ескі көлігін сатып, орнына қосымша ақысын төлеп немесе автоне-сие жүйесін пайдаланып, халыққа көліктерді жанарту тетіктерін ұсыну керек-ақ.

Дамыған мемлекеттерде ескі көліктерді өткізсе, жаңа көлік алуға 30 пайызға дейін жеңілдік беріледі. Елімізде де ескі көліктерден құтылып, жанартудың сондай тетіктерін қарастыраған абзал. Бұл ретте, Индустрия және инфрақұрылымдары дамыту министрі Марат Қарабаев осы мақсатқа жұмсалған қаражат қайтқан соң ғана жеңілдігі бар автоне-сие қайта беріле бастайтынын айтқан еді. Бірақ, алдағы уақытта бұл мәселе әлі де ұшыға түсетіндей.

1-бет



Сурет ашық дереккөзден алынды

ТЕМІРЖОЛҒА ТАҒЫ БІР КӨПІР

— Кент орталығынан Дәуімбай елді мекеніне теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге бұл мәселе қиындық туғызып келген болатын. Жалағаш кентің екіге бөліп жатқан теміржолдың бергі бетінде 9 мың, арғы жағында 6 мыңдай халық қоныстанған. Осы тұстан пойыз өткенде жаяу жүргіншілер үшін өте қауіпті. Халықтың өткел салу туралы сұранысы назарға алынды. Кент тұрғындарының екі жаққа қатынауындағы қиын түйін осылайша шешілме-к, — деген болатын облыс әкімі.

Ал Аралдағы маңызды нысанның іргетасы қалану сәтінде ауданның құрметті азаматы Кішкене Айбосынов жерлестерін қуана құттықтады.

— Теміржолдан пойыз өткенде өткел жабылып, көлік кептелісі бірнеше шақырымға созылатын. Бұл мәселе толығымен шешімін тауып, көліміз бір серпіліп қалды. Арал қаласын бөліп жатқан теміржолдың



1-бет

25 жыл тарих бедерінде көп уақыт болмаса да, алған асулар мен бағындырған белестер аз емес. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін институттың материалдық-техникалық базасын нығайтуда көптеген жұмыстар атқарылуда. Бүгінде жоғары оқу орны бакалавриаттың 18 білім беру бағдарламасы бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің лицензиясына сәйкес білім беру қызметін жүргізеді.

Оқу орны отандық, шетелдік ЖОО-лармен, ғылыми орталықтармен тығыз байланыста. Қызылорда технология және қызмет институты 2022 жылы маусым айында Қазақстан Республикасында танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енген Қазақстанның Заманауи (Элиталық) Білім Ассоциациясы (KAZSEE) арқылы халықаралық институционалдық және білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеуінен өтіп, институтқа KAZSEE-нің Аккредиттеу кеңесінің шешімімен 5 жыл мерзімге (30.06.2022-29.06.2027 жж. аралығына) институционалдық және білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеуінен өткендігі туралы сертификаттар берілді. Сонымен қатар, 2023 жылдың мамыр айында оқу орнының тағы да 9 білім беру бағдарламасы Халықаралық мамандандырылған аккредиттеуен өтіп, аккредиттеу агенттігінің шешімін күтуде. Аккредиттеу қорытындысы – студенттердің білім сапасына берілген жоғары баға және олардың болашақ білікті маманға айналуының сенімді кепілі.

Жоғары білікті кадр даярлаудағы негізгі фактор – қуатты, қазіргі заманғы материалдық-техникалық базаның болуы. Осы орайда институт заман талабына сай оқу кабинеттерімен, зертхана, шеберхана, компьютер сыныбы, интернет жүйесіне қосылған компьютерлік парк, лингвон кабинеті, мәжіліс және спорт залы, мұражай, асхана, дәрігерлік пунктпен жабдықталған. 2012 жылы кітапхана салынып, 2014 жылы жана оқу ғимараты пайдалануға берілді. 2016 жылы үшқабатты оқу ғимараты бой көтеріп, 2017-2018 оқу жылында жана оқу-зертханалық кешен іске қосылды.

Сапалы білім шексіз мүмкіндіктерге жол ашады. Оқу ормандылығы техникалық жабдықтардың түгел болуы сапалы кадр даярлауды көздейді. Біздің басты мақсатымыз да сол – мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, көңілге қуаныш ұялататындай сапалы білім беру. Әрине, ол үшін қаншама жан-жақты жұмыс жүргізу керек. Осыны ескерген институт білікті ұстаздармен толықты. Педагог – білім нәріні беретін, өмірлік рухани азықты игеруге жөн сілтейтін ұлы тұлға. «Ұстазы жақсының ұстаы жақсы» деген сөздің түп-төркіні де осында болар.

Білікті ұстаздардан құралған ұжым оқу-тәрбие жұмысын онтайлы ұйымдастырып, сапалы кадр дайындау бағытында ауқымды жұмыс атқарып келеді. Сонымен қатар, тәжірибелі мамандарды оқытып, өркениеттің ұлы көшіне жастарды ілестіруді мақсат еткен оқу орнында тәжірибелі ұстаздар Б.Көптілеуов, Р.Нарманова, Г.Сауытбаева, М.Елланова, Р.Аханова, А.Әбібекова, Д.Байнұзов, М.Бисенова, К.Ерімбетов, А.Примжанова, Ғ.Айдарбеков, Н.Алибековтер және бөлім меңгерушілері А.Омарова, А.Абдраманова, Р.Өмірбеков, Ш.Бисенов, Н.Саймағанбетовтер заман талабына сай маман даярлау жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізуде. Ал институттың оқытушы жас мамандарынан да білімге деген құштарлықты көріп, шәкірт тәрбиелеудегі жауапкершілігіне тәнті болып ризашылық сезімге бөленесін. А.Бимурзаева, А.Ябинова, А.Байарызанова, А.Ажмодаева, А.Адамбаева, А.Сарсенбаева сынды жас оқы-



ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТУ ЖӘНЕ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫНДА - 25 ЖЫЛ!

Сыр өңірінің білім беру ісінде өзіндік орнын қалыптастырған жоғары оқу орындарының бірі – Қызылорда ашық университетінің құрылымдық бөлімшесі «Қызылорда технология және қызмет институты». Білім ордасы 1998 жылы Қызылорда инженерлік-экономикалық институты болып құрылып, 2009 жылы «Ақмешіт» атауын иеленсе, ал 2022 жылы Қызылорда технология және қызмет институты болып аталды.

тушылар шәкірт жүрегін орын тауып, білікті маман даярлау жолында ізденісмен дараланып жүргенін атап өткенім жөн болар. Еліміздің білім беру жүйесін алға бастырып, оны заман талабына сай етіп құрудың негізгі алғышарты мұғалім біліктілігінде. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды тәжірибелі мұғалімдер, жан-жақты кемел ұстаз ғана тәрбиелей алады.

Білім беру мекемесі интернационалдандыру үрдісін жалғастыру мақсатында алыс және жақын шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестік қарым-қатынас орнатып, ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қоюда. Мәселен, 2022 жылдың өзінде Ресейдің Мәскеу кәсіпкерлік академиясымен, Ресей мемлекеттік аграрлық сырттай білім беру университетімен, Мемлекеттік әкімшілендіру институтымен, бауырлас Түркия елінің Сакария қолданбалы ғылымдар университетімен, Ыстамбұл Есенюрт университетімен әріптестік қарым-қатынас орнатылса, биылғы жылдың басты жетістігі – Корея Ұлттық ашық университетімен арала өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Сондай-ақ, қазіргі уақытта университет 1987 жылы құрылған Азия Ашық университеттер қауымдастығына толық мүше болуға ауқымды жұмыстар атқаруда.

Қызылорда ашық университетінің құрылымдық бөлімшесі «Қызылорда технология және қызмет институтының» 25 жылдық мерейтойы қарсаңында мәдени-көпшілік іс-шаралар, тәрбие жұмыстары, жастар саясаты бағытында студенттеріміз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Республикалық, облыстық, қалалық сайыстар мен конкурстарға қатысып, үздіктер қатарынан көрінді. Қызылорда облыстық оқу орындары арасында ұйымдастырылған «ТОП-20 студент» жобасының жеңімпазы да біздің оқу орнының білім алушы-

сы атануы – үлкен жетістік. «ЖасFest-2023» өнер байқауына да белсенді қатысып, үздіктер қатарынан көрінуі белсенділер мен өнерпаздар құрамының ұйымшылдығының дәлелі іспеттес. Жастарды тәрбиелеу, ұлтжанды ұрпақ қалыптастыру жұмыстарының басында тәрбие, мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Саймағанбетов Нұрлытан Кәдірбекулы бастаған Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Томирис Канатқызы, жастар көшбасшылары Медет Бауыржанұлы, Гүлсезім Қайратқызы сияқты белсенді студенттер жүр.

Саймағанбетов Нұрлытанның Сыр өңіріндегі жастар саясаты, волонтерлік салада атқарған еңбектерінің нәтижесі – Қызылорда облысы әкімінің «Сыр үміті» жастар сыйлығының жеңімпазы және 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Жыл волонтері-2023» жеңімпазы атануы.

Ұлағат ұясы, білім шаңырағының құрылғанына биыл 25 жыл толуы біз үшін үлкен мәртебе. Мерейтойды атап өтудегі басты мақсат – өткенді саралап, алдағы міндеттерді айқындап алу. Осы ретте ардагер ұстаздарды, институт түлектерін білім ұясының бүгінгі күнігі жетістіктерімен таныстыру – ойға алған жоспармыздың бірі. Мерейлі жыл бойы жастар үшін тәрбиелік мазмұнға толы іс-шаралар өткізу жоспарланып, соның біркатары жүзеге асырылып та үлгерді. Оқу ормандылығы 25 жылдық мерейлі мерекесі аясында профессор-оқытушылар мен қызметкерлер арасында «Спартаклада-2023» атты спорт түрлерінен сайыстар өткізілді. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, отансүйгіштікті насихаттау, денсаулықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жастар арасында достық қарым-қатынасты нығайту бағытында болды. Екі күндік спорттық турнирде облыстағы 8 оқу орнынан жиылған командалар бар қынасты. Бірінші күні жастар қоры-



тындысы бойынша волейболдан «Ең нәтижелі ойыншы» болып Қоркыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы Балғабаев Мансұр Әбдімәлікұлы, «Ең үздік қорғаушы» атағына И.Әбдікәрімов атындағы аграрлы-техникалық жоғары колледжінің оқыту-

шысы Сүйеубаев Руслан Мұдан «Ең үздік шабуылшы» болып «ORDA» жоғары колледжінің оқытушысы Аралбаев Айдын Сейдуллаұлы таңылды. «Ең үздік ойыншы» номинациясына Қызылорда жоғары кәсіпалы колледжінің оқытушысы Әбілкасымов Ба-

қытжан Қалдыбекұлы ие болды.

Командалық турнирде волейболдан И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі 3-орынға жайғасса, 2-орынға «ORDA» жоғары колледжі қол жеткізді. Турнирдің 1-орнын Қызылорда ашық университетінің командасы жеңіп алды.

Шахматтан командалық есеп бойынша М.Ысханов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі 3-орыннан көрінді. Ал И.Әбдікәрімов атындағы аграрлы-техникалық жоғары колледжі 2-орынға ие болса, жарыстың бірінші жүлдесімен Қоркыт ата атындағы Қызылорда университеті марапатталды.

Теннистен командалық есеп бойынша Қызылорда ашық университеті 3-ші орын иеленсе, 2-ші орынға «ORDA» жоғары колледжі қол жеткізді. Турнирдің 1-ші орнын И.Әбдікәрімов атындағы аграрлы-техникалық жоғары колледжі командасы жеңіп алды. Жүлдегер командалар ұйымдастырушылар тарапынан алғыс қаттар, диплом мен мерейтойлық кубоктарға ие болды.

Сонымен қатар, алыс және жақын шетелдік оқу орындарындағы әріптестердің қатысуымен «Бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастырудағы цифрлық технологиялардың ролі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференцияның ұйымдастырылуындағы басты мақсат – цифрландыру құралдары деңдеп енген жоғары білім саласында қашықтықтан оқыту технологияларының, жаппай ашық онлайн курстардың трендтерін анықтау, білім беру платформаларын зерделеу. Конференция жұмысына білім беру мекемесінің алыс және жақын шетелдердегі әріптес жоғары оқу орындарының белгілі ғалымдары, зерттеушілер мен профессорлар қатысты. Бұл білім алушыларды ғылыми жұмыстарды жүргізуге, зияткерлік-шығармашылық әлеуетін және танымдық қызығушылығын оятуға мүмкіндік берді.

Бұл – 25 жылдық мерейтой қарсаңында жүзеге асқан шаралар ғана. Мұнан бөлек рухани санамызды серпілдетіндей шаралар да аз болған жоқ.

Жиырма бес жыл – жан-жақты ізденістің, тынымсыз еңбектің жемісті әрі жеңісті белесі. Өткен уақыт ішінде білім беру ұйымы инженер-

лік-экономикалық және гуманитарлық білім беру саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізді, соның арқасында ол Арал өңірінің жоғары білім саласында лайықты орнын алды. Осы уақыт аралығында оқу орны академиялық, ғылыми, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары тұрғысынан көптеген жетістіктерге жетіп, білім алушыларға өмірдің сұранысы мен заман талабына сай жоғары білім мен біліктілік беріп келеді.

Білім беру мекемесінің мерейлі мерекесі – ашылғаннан бері өткен уақыт емес, сол жылдар ішінде жеткен жетістіктер екені белгілі. Бүгінгі таңда оқу орны өзіне тән барлық дәстүрлері қалыптасқан заманауи білім беру ұйымы болып табылады: гуманитарлық-техникалық білім беру бағдарламаларының кең тандауы, білікті профессор-оқытушылар құрамы, заманауи білім беру технологиялары, инновациялық білім беру бағдарламаларын оқу процесінде кеңінен пайдалану, жетекші шетелдік университеттермен ынтымақтастық туралы меморандумдар арқылы әріптес болып, халықаралық білім беру және ғылыми қоғамдастықтың толық мүшесі атану.

Өткен уақытқа көз жүгіртсек, білім беру мекемесі ел экономикасының түрлі салаларында табысты еңбек атқарып жүрген жоғары білікті мамандарды дайындады, бұл, әрине, оның одан әрі нығаюы мен дамуына ықпал етті.

Жоғары оқу орындарының білім беру сапасын анықтайтын көрсеткіштердің бірі түлектердің жұмысқа орналасуы болып табылады. Институтты бітірген білім алушылардың да жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары. Институтты бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 2019 жылы – 91,5 пайызды, ал 2020 жылы – 92,8 пайызды, 2021 жылы – 93,2 пайызды құрады.

Институт Жалағаш ауданындағы «Бақәулет» агрохолдингімен бірге білім алушыларды өндірістік тәжірибеден өткізу, теориялық білімді практика жүзінде іске асыру, түлектерді жұмысқа орналастыру жұмыстарын бірлесіп атқарады.

Сондай-ақ, институттың оқу ақысы білім алушыларға қолжетімді деңгейде. ҰБТ нәтижелеріне және талапкерлердің отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты оқу ақысын төлеуге қолайлы жағдайлар жасалынған.

Атап айтатын болсақ:

- ҰБТ-дан 50 балл жинаған талапкерлерге 10%;
- 60 балл жинаған талапкерлерге 15%;
- 70 балл жинаған талапкерлерге 20%;
- 100 балл жинаған талапкерлерге ректордың гранты 100%;
- Толық емес отбасының балаларына 20%;
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған талапкерлерге (тұл жетім) 100%;
- Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің түлектеріне 30%;
- Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжінің түлектеріне 20%;
- Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжінің түлектеріне 20% оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған.

Оқу орнының білім берудің жана деңгейіне көтерілуіне, институттың жеткен жетістіктеріне ұстаздарымыз бен ғалымдарымыздың қосқан үлесі орасан зор деп білеміз.

Білім – адам баласының өмірлік рухани қазынасы болса, сапалы білім әрі саналы тәрбие беру жүйелі еңбектің, үздіксіз ізденістің, қарымды қабілеттің нәтижесі болып қала бермек.

Жалпы алғанда, кемел келешек – тек білім бәсекесінің бәйгеге түсетін уақыты!

Қ.А.БИСЕНОВ,
техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
Қызылорда ашық университетінің ректоры

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Көлжан» ЖШС «Солтүстік-Батыс Қызылжия кен орнын игеру жобасы» жобалық құжаттың «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 29.06.2023 жылы сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Абай көшесі, №31 мекен-жайында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Конференция идентификаторы: 819 2658 9342

Кіру коды: 159352

Бастамашы: «Көлжан» ЖШС

Өкілі: Адранов Азамат Алматы

Байланыстар: тел.: 8 (7242) 27-68-68

ішкі нөмірі: 98-91, Электрондық пошта / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші: «OPTIMUM»

Жобалау институты» ЖШС

Өкілі: Алдабергенова Раушан, Досова

Нұргүл

Байланыстар: тел.: 8-775-815-

85-55, Электрондық пошта / e-mail: raldabergenova@orm.kz; ndossanova@orm.kz

Порталға сілтеме: [https://ecoportal.kz/](https://ecoportal.kz/Public/PublicHearings)

Public/PublicHearings

Жоба құжаттары бойынша қосымша

ақпаратты келесі электронды пошта

және номер арқылы алуға болады: 8

(7242) 27-68-68 ішкі нөмірі: 98-91,

Электрондық пошта: Azamat.Adranov@

petrokazakhstan.com.

Жергілікті атқарушы органның

электрондық мекен-жайы мен пошталық

мекен-жайы: Қызылорда облысының

табиғи ресурстар және табиғатты пай-

далануды реттеу басқармасы: prd@korda.

gov.kz. Қызылорда қаласы, Бейбарыс

Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефон:

8(7242) 60-53-69.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ШЖК КМК «Қызылорда облыстық жұппалы аурулар ауруханасы» әкімшілігі аурухана қызметкерлері Молдашев Ерболға зайыбы, Әбібекова Ляйлаға апасы
Айна Әжібекованың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қызылорда
облысының
құрылғанына85
ЖЫЛ

Корейлердің жер аударылуы

Архив құжаттарын ақтара отырып, Сыр елі талай ұлтқа пана болғанына көзіміз жетеді. Патшалық Ресейдің кезінде-ақ саяси сенімсіз адамдар біздің территориямызға жер аударылып отырған.


Республикамызға 1937-1938 жылдары бірнеше ұлттың өкілдерін жер аударып, күштеп көшіріп әкеле бастаған. Алғашқы құрбандардың бірі — Киыр Шығысты мекендеген корейлер болды. Еріксіз көшірілгендердің алғашқы легі 1937 жылы әкелінді. Сол жылы 18500-ге жуық отбасы жер аударылған. Қазақтар жана қоныстарын жылы қабылдап, оларға жер мен мал бөліп берді.

Облысқа келген корейлердің арасында Киыр Шығыстағы азамат соғысының ардагері, халық батыры Хон Бен До және

басқа да мемлекет, өнер қайраткерлері болды.

Жер аударылып келген 8476 корей 1938 жылы 10 наурызда облыстық атқару комитетінің қаулысымен аудандарға бөлінген. Аралға 712, Қазалыға 1249, Кармакшыға 1937, Теренөзекке 584, Сырдарияға 996, Шиеліге 906, Жаңақорғанға 262 адам орналастырылған. Тағы 400 адам Қызылорда қаласында қалдырылған, 1430 адамды басқа облыстарға жіберу сұралған.

1938 жылы Қызылордада корей балалары үшін 400 орындық жана мектеп салынды.



Жер аударылған корейлерді орналастыру, 1938 ж.



ХОККЕЙ

Құрама орнын сақтап қалды

Шайбалы хоккейден Қазақстан құрамасы Әлем чемпионатының элиталық дивизиондағы орнын сақтап қалды. Бұл Словения құрамасы Словакиядан 0:1 есебімен жеңілгеннен кейін белгілі болды.

В тобында сынға түсіп жатқан ел құрамасы бұған дейін буллиттен Норвегия мен Словакияны 4:3 есебімен жеңсе, Швейцарияға 0:5, Канада мен Чехияға 1:5, Латвияға 0:7 есебімен есе жіберді.

Нәтижесінде Қазақстан құрамасы екі ойыннан кейін төрт ұпай жинады. Ал Словения қатарынан алты кездесуде қарсыластарына есе жіберіп, бірде-бір ұпайға ие болған жоқ.

Қазақстан мен Словения құрамалары кеше, 22 мамырда өзара шеберлік байкасты. Аталған ойында словениялық хоккейшілер жеңіске жеткен жағдайда да қазақстандықтарды басып оза алмайды.

Осылайша ел құрамасы 2024 жылғы Әлем чемпионатында элиталық дивизионда ойын көрсетуге мүмкіндік алып отыр.

ТЕННИС

Рыбакина рейтингте жағдайын жақсартты

Әйелдер теннисі қауымдастығы (WTA) жаңартылған рейтингті жария етті. Қазақстандық Елена Рыбакина алтыдан төртінші орынға көтерілді. Оған Италия астанасы Римде өткен WTA 1000 турнирінің жеңімпазы атануы нәтижесінде қол жеткізді.

Қазақстандық теннисшіні үшінші сатыдағы америкалық Джессика Пегуладан небәрі 115 ұпай ғана бөліп тұр.

Ал Қазақстанның жұптық сындағы бірінші ракеткасы Анна Данилина 26-дан 24-ке жоғарылады. Сондай-ақ Жібек Құламбаева көрсеткішін жақсартты, ол қазір 197-орында келеді.

БОКС

Біздің қыздар мықты

15-21 мамыр аралығында Петропавл қаласында бокстан әйелдер арасында өткен жазғы спартакиадада қызылордалық спортшылар бір алтын, бір қола медальға ие болды.

Ұлттық құрама сапында сынға түсіп жүрген Гүлсая Ержан 81 келі салмақта топ жарды. Ол қазірге дейін 2022 жылғы Әлем чемпионатында күміс жүлде алса, биыл Азия чемпионы атанды.

Сондай-ақ, жазғы спартакиадада облыс құрамасынан Акбота Болат 50 келіде үшінші орынға тұрақтады.

Спортшылар №17 олимпиадалық резервтер мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде тәлім алады. Бас бапкері — Бақытбек Құлбаев.

«СБ» ақпарат



«Қайсар» – «Қайрат»: 3:0 үздіктер сапына үміт бар

Алматылық клуб әріне, осал қарсылас емес. Команда негізінен өз түлектерінен құралған. Арасында тәжірибелі ойыншылар бар. Биыл біріншілікте тәп-тәуір ойын өрнегін көрсетіп келеді. Қазірге дейін бес мәрте жеңіске жетсе, үш мәрте тең түсіп, бір мәрте жеңілістің ашы дәмін татты. Ал кейінгі бес ойында үш рет жеңіп, екі тең нәтижеге қанағат білдірді. Сонан да қызылордалық жанкүйерлер үшін «Алматыдағы кездесу қалай болар екен?» деген ой көкейде тұрған еді.

Мына бір дерекке көз сала кеткеніміз артық емес. Осы кезге дейін екі команда 64 мәрте кездессе, соның 36-ы «Қайраттың» басымдығымен аяқталған. Ал 13 кездесуде «Қайсар» жеңсе, 15-де тең нәтиже тіркелген.

Сондай-ақ, бұған дейін жерлестеріміз осы қарсыласын онтүстік астанада 2006 жылдың 25 қазанында 3:2 есебімен жеңген екен. Содан бері 16 жылдан астам уақыттағы 15 кездесудің 11-де алматылық ұжымның мерейі үстем болып, қалғанында тең түскен.

Өткен жексенбіде болған ойында «Қайсар» футболшылары алғашқы минуттан алға ұмтылды. Нәтижесінде 10-минутта қызылордалық команда қорғаушысы Жоао Педро қақпаны дәл көздеді. Енді алаң иелері таразы басын теңестіруге ұмтылды. Ойлаған мақсатына жете алған жоқ. Есесіне өз айып алаңында 24, 45-минутта тәртіп бұзды. Төрешілер белгілеген пеналтиден «Қайсардың» жартылай қорғаушысы Дмитрий Бородин мүлт кеткен жоқ.

Екінші кезеңде алматылық клуб гол соғуға тырысты. Оған қызылордалық футболшылар лайықты төтеп бере білді. Осылайша «Қайсар» қарсыласын тізе бүктіріп, үш ұпай олжалап қайтты. Турнир кестесінде 16 ұпаймен жетінші орынға жайғасты. Үшінші орында тұрған «Қызылжардан» небәрі алты ұпайға қалып тұр. Алдағы ойындарда жеңіске жетсе, оны қуып жетуі әбден мүмкін.

Енді бірінші айналымның аяқталуына небәрі үш ойын қалды. Оның екеуін өз алаңында өткізеді. Алдымен 28 мамырда «Ақтөбені», 4 маусымда «Мақтаралды» қабылдаса, 24 маусымда сырт алаңда «Окжетпестен» күш сынасалды.

«Қайратпен» кездесуден кейін «Қайсардың» бас бапкері Виктор Кумыков «Жоспар бойынша ұпай алу негізгі міндетіміз болды. Екі команда да алаңда жақсы ойын көрсетті. «Қайсар» ойыншылары негізінен жасанды алаңда доп тебуге бейімделген. Сондықтан табиғи қоғалда біршама қиындық туындайтыны рас. Дегенмен ол көп кедергісін келтірген жоқ. Әрине, көпшілік күтпеген есеп тіркелді. Футбол болғандықтан мұндай сәттер орын алып тұрады» делі.

Онымен тұрға шолу жасаған республикалық сайттың бірінде қызылордалық клубтың сәтті ойын көрсеткені айтылған. Бұл орайда қызылордалық қорғаушылардың сауатты ойын көрсете білгенін атап өту керек.

1-бет


Екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті аз айтылған жоқ. Алапат соғыстың бағасын адамзат әлі күнге бере алмай келе жатыр. Тұтас тағдырларды теңселтіп кеткен соғыс кезеңін кең панорамада көрсетуге эпистолярлық жазбалар, яғни, ұрыс даласы мен бейбіт өмірді жалғаған жауынгер хаттары септігін тигізді десек, артық айтқандық емес.

Хат жанры — ерте заманнан бері келе жатқан адамдардың қарым-қатынас құралдарының және мәдени, тарихи мәні зор жазба тілдің ежелгі формасының бірі. Жауынгер хаттары — солдаттың елге деген сағынышы ғана емес, майдан өмірі, окоп шындығы. Дала почтасынан жолданған бұл хаттардың көбі бүгінгі күнге жеткен жоқ. Алайда, елім деп еңіреген ерлердің үшбу сәлем хаттарын еміренген елі, асыл аналар көздің қарашығындай сақтап, ұрпағына рухани мұра қылып жеткізе алды. Сағынышқа толы сол хаттар облыстық музей төрінен орын алып отыр.

Өмір мен өлімнің арасында от кешіп жүрген жауынгерлердің сағынышты сәлемдерін жеткізген осынау үшбу хаттарды ауылда қалған қариялар мен әйелдер, әсіресе балалар қаншалықты сарғая күтті десеніңіз! Осындай шынайы хаттарда әрбір жеке адамның ауызыша айтыла бермейтін нәзік сырларды білдіретінін, сол уақыттағы көңіл-күй мен көзқарасын сипаттайтынын да ұғыну қиын емес. Демек, хат дегеніміз — жазылған уақытындағы тұтас бір қоғамның психологиясын, танымын, талғамын ойлау жүйесін ашық жайып салатын өте құнды дүние.

Соғыс уақытындағы жақын адамдардың бір-біріне жолдаған хат-хабарлары енді жеке дүние емес. Бұл — қазір бір дәуірдің тарихы. Мазмұны әртүрлі, дегенмен ұқсас. Хаттар адамдардың тағдырын, олардың сезімдері мен ойларын бейнелейді. Жіті мән берсек, каллиграфияның ұқыпты не ұқыпсыз жазылғанын көруге болады. Ол ұрыстардың арасында жауынгерге хат жазуға қанша уақыт бөлінгеніне байланысты болған.

Үшбу хаттар — бұл майдан хаттары. Хатты осылай буу дәстүрі екінші дү-



МАЙДАН ХАТЫ НЕГЕ ҮШ БҮКТЕЛГЕН?

ниежүзілік соғыс кезінде қалыптасты. Майдан хаттары неге үшбұрыш формасында болды? Шын мәнісінде ойландыратын сұрақ. Қызығы, бұған бір емес, екі себеп болған.

Майданның қиын жағдайында қағаздың өзі тапшы болған уақытта конверт пен мөрді іздеп табу тіпті мүмкін болмады, сондықтан почтаның «мобильді» нұсқасы ойлап табылды. Хат жазу үшін қағаз орамасы, тіпті темекі қорабы да пайдаланылды.

Хаттың арнайы конвертке салынбай, үш буылуының тағы бір себебі — жауынгерлер жазған әрбір хаттың әскери цензураның тексеруінен өтуінде еді.

Айта кетейік, әскерлердің орналасқан жерін және қызметке қатысты басқа да ақпаратты беруге қатан тыйым салынды. Жауынгерлер бұл ережені білді, дегенмен соғыстың құпия тұстары хаттарда еріксіз белең алғаны жасырын емес. Кей құпия ақпаратты цензор сиямен бояп жіберіп отырса, жолы болмағандар тізімі КСРО-ның Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігіне жолданып. Ауыр жағдайларда ату жазасына да кесілетін.

Көп жағдайда хаттың орыс тілінде жазылуы талап етілді. Егер хат жауынгердің өз ана тілінде жазылса, көрсетілген мекен-жайға кешігіп жететін. Өйткені, хаттар арнайы аудармашылардың алдынан өтіп, құпия

ақпараттың жоқ екеніне көз жеткізіліп барып, жөнелтілетін. Заман қиын болды және жағдай осындай әрекеттерді талап етті.

Парақ үшбұрыш формасында бүктеліп, бір жағына жауынгердің өзі жайлы деректер мен алшуының мекен-жайы берілсе, артық бөлігіне хаттың мәтіні жазылатын. Почта қызметкерлері туыстарының сарбаздан жаналық күтетінін түсініп, жауапкершілікпен жұмыс жасады. Бастысы, осындай үшбу қағазды алу ана немесе оның сүйікті жары үшін үлкен қуаныш болатын.

Соғыс уақытында хаттың конвертке немесе жай үшбұрыш түрінде келуі өте маңызды еді. Неге?

Егер үшбу хат келсе, ұлының, күйеуінің не әкесінің тірі екенін білдіреді. Себебі хаттың бұл түрін тек жауынгердің өзі жазатын. Егер конвертке салынған, мөрі бар ұқыпты хат келсе үйдегі әйелдер бірден жылай бастайды. Өйткені бұндай хаттар — отбасы үшін қаралы хабар еді. «Қаралы қағаз» деп жиі естітіміз осы. Барлық ресми құжаттар конвертке салынып, мөр басылып жіберілетін. «Қаралы қағазды» халық сандығында ұзақ сақтауды жөн көрмеген. Талайы бүгінгі күнге жетпей, өртеліп кетті. Дегенмен, Сыр елінің тұмасы, майданда қаза болған батыр Қара Арысбаевтың отбасына келген «қаралы қағаз» музей экспозициясында ор-

наласқан.

Сұрапыл соғыс жылдарында майдан алаңындағы жауынгерлер мен шалғайда қалған туған-туыскандардың арасын хаттар жалғастырған. Сол хаттарда сарқылмас сағыныш, терең ой, мәңгілік махаббат пен қалың ормандай қайғы-қасірет те бар. Арада 80 жылдан астам уақыт өтсе де, сарғайған қағаздарды қолға алып оқыған адамның жүрегі елжіремеуі мүмкін емес...

Соғыс анызына айналған үшбу хатты жауынгерлер қалай бүктеген? Хатты бүктеу бес қадамнан тұрады. Бірінші, ақ парақты оң жақ бұрышынан үшбұрыш формасында бүктейміз. Екінші, сол жақ бұрышын үшбұрыштың белгіленген нүктесіне дейін тағы бір бүктейміз. Байқасаныздар, үй шатырына ұқсас фигура пайда болды. Бұл отбасы жылылығын беретіндей әсер қалдырады. Үшінші, қалған төменгі бөлігінің оң бұрышы ішке бүктелсе, төртінші, сол бұрышы ішке қайтырылады. Бесінші, төменгі бөлік қайырыла бүктеліп, үшбұрыштың бірінші қалтасына салынады. Міне, осылайша үшбу хат дайын болады.

Екінші дүниежүзілік соғыс әрбір адамның жүрегіне өшпес із қалдырды. Миллиондаған адам өмірін қанды қырғынға ұшыратқан сол бір соғыс дауылының алапат кезеңін адамзат еске алумен келеді. Ел басына күн туғанда жауылып, мұз төсенген ерлер бүгінгі бейбіт күнді ұрпаққа әперу үшін бастарын бөйгеге тіккенін қалай ұмытарсың! «Бәрі де Отан үшін, бәрі де майдан үшін» деп шайқасып, байтақ елдің маңайына жауды жуытпаған кешегі өрімдей жастар елімізді, жерімізді көздің қарашығындай қорғап, қан төгілген майдандарда алғы шепте жүрді. Олардың халық қамы үшін қорсеткен ерлігі, өздерін құрбандыққа шалғаны кейінгі ұрпақтар санасына жалынды жігер, өр намыс, өшпес өнеге сыйлары анық. Мейлі қай дәуір, қай мезгілде болсын, ұлтымыздың ұлылығын айғақтар асыл қасиеттері — біз үшін зор мақтаныш.

Әйгерім БЕКҚҰЛИЕВА,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім
менгерушісі